

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 337 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қаруына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

А. Мамин

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының
кейбір заңнамалық актілеріне соғыс жағдайы мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-IV, 151-құжат; 2016 ж.; № 7-І, 49-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 13, 45-құжат; № 20, 96 -құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 15, 48-құжат):

176-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) соғыс жағдайы немесе төтенше жағдай не Қазақстан Республикасының соғыс және төтенше жағдай туралы заңнамасына сәйкес ерекше шаралар енгізілген кезеңдерде; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери басқару органдары мен әскери бөлімдерінде және елдің қорғанысын, мемлекет қауіпсіздігін, авариялық-құтқару, іздестіру-құтқару, өртке қарсы жұмыстарды қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардан сақтандыру немесе оларды жою мәселелерімен айналысадын ұйымдарда; арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында; қауіпті өндірістік объектілер болып табылатын ұйымдарда; жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету станцияларында;".

2. "Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 104-

құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2010 ж., № 17-18, 108-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37 - құжат, 2015 ж., № 208 (28084):

11-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
"1-1) заңнамада белгіленген тәртіппен жеке әскери-есепке алу құжатын алуға;".

3. "Соғыс жағдайы туралы" 2003 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 4, 22-құжат; 2005 ж., № 14, 56-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат):

1) 1-бапта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) интернирлеу – Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасаған мемлекет азаматтарын халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қафидаттары мен нормаларына сәйкес ұстау және арнайы бөлінген қоныстандыру орындарына орналастыру;";

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаныс кеңесі – мемлекеттің қорғанысы мүдделерінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органды соғыс жағдайын енгізумен құрылатын және Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде әскери және мемлекеттік басқару органдарына басшылық жасауды жүзеге асыратын әскери басқару органдары;";

2) 6-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және пайдалану;";

3) 7-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) күзетілетін адамдар мен күзетілетін объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік және әскери объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін, көлік және коммуникациялардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, сондай-ақ адамдардың өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға жоғары қауіп төндіретін объектілерді күзету;";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі жұмылдыру және соғыс жағдайы кезеңінде күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін, күзетілетін объектілерді күзету мен қорғауды қамтамасыз ету мүдделерінде Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының қажетті күштері мен құралдарын пайдалануға құқылы.";

4) 3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тaraу. Соғыс жағдайы кезеңіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктері, Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдарының құзыреті";

5) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктері

1. Қазақстан Республикасының Президенті бейбіт уақытта соғыс жағдайы шараларын қолдану тәртібін айқындайды, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшылығының Ставкасы туралы ережені, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қорғаныс кеңестері туралы ережені, Қазақстан Республикасы Үкіметінің соғыс жағдайы кезеңіндегі қызметін ұйымдастыру туралы ережені, сондай-ақ соғыс жағдайы кезеңінде өзіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар туралы ережені бекітеді.

2. Қазақстан Республикасының Президенті соғыс жағдайы кезеңінде:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшылығының Ставкасын құрады, соғыс жағдайын қамтамасыз етуді ұйымдастыру ісіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) мемлекеттік органдардың келісілген жұмысын және өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

3) соғыс жағдайы шараларының қолданылу тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың осы шараларды қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерін бекітеді;

4) соғыс жағдайының мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер шығарады;

5) Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес төтенше мемлекеттік бюджетті қабылдап, енгізеді және ол туралы Қазақстан Республикасының Парламентін дереу хабардар етеді;

6) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, мемлекеттік органдарды соғыс жағдайын қамтамасыз ету үшін қолдану тәртібін белгілейді және осы Заңға сәйкес олардың міндеттерін айқындайды;

7) жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер, пикеттер, ереуілдер өткізуге тыйым салуларды немесе шектеулерді белгілейді;

8) әскери қызмет өткерудің ерекшеліктерін айқындайды;

9) көліктің, коммуникациялардың және энергетиканың, сондай-ақ адамдардың өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға жоғары қауіп төндіретін объектілердің ерекше жұмыс режимін белгілейді;

10) қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі консультациялық-кеңесші органдарды құрады;

11) соғыс жағдайы қүшінде болған кезеңде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымын айқындайды;

12) Қазақстан Республикасының Конституциясына және зандарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің осы баптың 2-тармағының 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген өкілеттіктері соғыс жағдайы кезеңінде, сонымен қатар ол енгізілгенге дейін де іске асырылуы мүмкін.";

6) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыretі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі бейбіт уақытта соғыс жағдайы енгізілген кезеңге оның құрылымына кіретін министрліктер туралы ережелерді бекітеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі соғыс жағдайы кезеңінде:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ ұйымдардың соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылық жасайды;

2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, азаматтардың және басқа да адамдардың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталған шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне төтенше мемлекеттік бюджетті ұсынады және оның атқарулын қамтамасыз етеді;

4) соғыс жағдайы шараларын материалдық-техникалық, еңбек және басқа да ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

5) өз құзыretі шегінде агрессия жасаған (жасалған) мемлекетпен (мемлекеттер тобымен не коалициясымен) халықаралық шарттарды Қазақстан Республикасы Парламентінің олардың күшін жоюы үшін ұсынады;

6) азаматтық және аумақтық қорғанысқа басшылық жасайды, жергілікті атқарушы органдарға азаматтық қорғаныс, аумақтық қорғаныс іс-шараларын, сондай-ақ қорғаныс мұдделерінде Қазақстан Республикасының аумағын жедел жабдықтауды қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды белгілейді;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін мемлекеттік органдар мен ұйымдарды соғыс уақытының құрылымы мен штаттарына ауыстыруды ұйымдастырады;

8) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды, ұйымдар мен халықты хабардар ету жүйесін ұйымдастырады;

9) Қазақстан Республикасының Конституциясымен, зандарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындаиды.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген өкілеттіктері соғыс жағдайы кезеңінде, сонымен қатар ол енгізілгенге дейін де іске асырылуы мүмкін.";

7) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының құзыretі

1. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдары аумақтық бөлімшелерінің және үйымдарының соғыс жағдайы шараларын орындауын қамтамасыз етеді.

2. Соғыс жағдайы енгізілген кезеңде облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың қорғаныс кеңестерін құрады.

3. Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаныс кеңесіне тікелей басшылық жасау тиісті жергілікті атқарушы органдарының басшысына жүктеледі.

4. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың қорғаныс кеңестері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшылығының Ставкасына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынады, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың қорғаныс кеңестері туралы ережеге сәйкес функцияларды орындайды".

4. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 1-2, 1-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 5, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 19-II, 104-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 15, 47-құжат):

1) 4-бапта:

1-тармақта:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) елдің мемлекеттік органдарының, меншік нысанына қарамастан, үйымдарының, көлігінің, коммуникацияларының және халқының құні бұрын жұмылдыру даярлығын, сондай-ақ қорғаныс мүдделерінде Қазақстан Республикасының аумағын жедел жабдықтауды қамтитын бейбіт уақытта жүргізілетін жалпы мемлекеттік іс-шаралар кешенін";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындау кезінде мемлекеттік органдардың және меншік нысанына қарамастан, үйымдардың қызметін үйлестіруді";

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді мемлекеттің әскери үйымы шешеді.

4. Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан, үйымдар Қазақстан

Республикасының қорғаныс жоспарына сәйкес қорғаныс саласындағы міндеттерді орындаиды.";

2) 5-баптың 2-тармағының 2-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының Қарулы Құштерін қолдану қағидаларын, Қазақстан Республикасының аумағын жедел жабдықтау қағидаларын және Қазақстан Республикасының қорғанысын жоспарлау қағидаларын бекітеді;";

3) 7-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) қорғаныс мұдделерінде Қазақстан Республикасының аумағын жедел жабдықтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;";

4) 8-баптың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарына сәйкес іс-шараларды орындауға саланы тікелей дайындауды ұйымдастырады, саланың соғыс уақытында тұрақты жұмыс істеуі жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

4) инженерлік-техникалық және диверсияға қарсы қауіпсіздікті нығайтуға қатысты жұмылдыру, соғыс жағдайы және соғыс уақыты кезеңінде күзетуге және қорғауға жататын ведомстволық бағынысты объектілерді дайындау, арнаулы құралымдар үшін материалдық-техникалық құралдар қорларын құру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын ұйымдастырады;";

5) 9-бап мынадай мазмұндағы 6-3) тармақшамен толықтырылсын:

"6-3) олар әзірлеген облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық қорғаныс жоспары заңнамада белгіленген тәртіппен келісіледі және бекітіледі;";

6) 11-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) өз құзыреті шегінде инженерлік-техникалық және диверсияға қарсы қауіпсіздікті нығайтуға қатысты жұмылдыру, соғыс жағдайы және соғыс уақыты кезеңінде күзетуге және қорғауға жататын объектілерді дайындауды жүзеге асырады, арнайы құрылған құралымдарды материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етеді.";

7) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Қазақстан Республикасының қорғанысын қамтамасыз ету";

8) 12-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Қорғанысты экономикалық жағынан қамтамасыз ету";

9) 22-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қорғаныс министрлігі қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты, Қарулы Құштерді әскери-саяси және әскери-экономикалық басқаруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ мемлекеттік авиация және аумақтық қорғаныс саласындағы уәкілетті орган болып табылады.";

2-тармақта:

2-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын және Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері Жоғарғы Бас қолбасшысының директиваларын әзірлеуді үйлестіреді және бекітуге ұсынады;";

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) Қарулы Құштердің объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастырады ;";

мынадай мазмұндағы 26-25) тармақшамен толықтырылсын:

"26-25) Қарулы Құштерді метрологиялық қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қағидаларды және нұсқаулықтарды әзірлейді және бекітеді;";

10) 23-баптың 1-тармағында:

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын және Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері Жоғарғы Бас қолбасшысының директиваларын әзірлейді, әскерлерді жоспарлауды, дайындауды және жұмылдыра өрістетуді жүзеге асырады;

3) Қарулы Құштерді жұмылдыру жоспарын әзірлеуге қатысады;";

6-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1) Қарулы Құштерді қолдану қағидаларын, Қазақстан Республикасының аумағын жедел жабдықтау қағидаларын және Қазақстан Республикасының қорғанысын жоспарлауды қағидаларын әзірлейді;";

11) 25-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қарулы Құштердің орналастырылуы Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.";

12) 26-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын әзірлеуге қатысады".

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті